





# Ақпараттық модельді құру:



# Модельдің ұсыну формалары


(дұрыс тапсаң гүлдің күлтесінің түсі өзгереді, қате болса ұшып кетеді!)



**Ақпараттық модель-** зерттеудегі объект туралы қажетті ақпараттың бәрін қамтитын шамалар жиынтығы.

Ақпараттық моделді қолмен ұстап, көзбен көре алмаймыз, себебі олар тек ақпараттардан ғана құралады.

Мұндай модельдер қоршаған ортаны ақпараттық жағынан зерттеуге мүмкіндік береді. Модель объектінің қасиеттерін, белгілерін, күйін толық көрсететіндей болуы қажет. Объектіні зерттеу үшін адам сол объект жөнінде ақпарат жинақтайды.



Кейбір объектілерге белгілі бір қасиеттер тән болғандықтан ол көзге анық көрініп тұрады. Мысалы **гүл түсінің сарылығымен**, ал **найзағай жарқылдауымен** ерекшеленеді.

Осы объектіге не себепті сол қасиеттердің тән екенін білу үшін объектіні толық зерттеу қажеттілігі туады.

Модель құру кезінде объектіге зерттеу мақсатында, зерттеу құралдары мен адамның білім дәрежесіне қарай әртүрлі ақпарат жинақталады.



**Мысалы: өсіп тұрған гүл жөнінде биология маманы, дәрігер және оқушының алатын мәліметтерін салыстырайық.**



Мысалы: өсіп тұрған гүл жөнінде биология маманы, дәрігер және оқушының алатын мәліметтерін салыстырайық.

Биология маманы гүлді өзі білетін гүлдермен салыстырып, тамырына, клеткалық құрамына, топырақта өсу ерекшеліктеріне көңіл бөледі.

Дәрігер өсімдіктің химиялық құрамын анықтап, оның денсаулыққа пайдалы және зиянды жақтарын ашуға тырысады.

Оқушы гүлдің сыртқы көрінісіне, иісіне, үзілгеннен қанша уақыт солмайтына көңіл бөледі.



# АҚПАРАТТЫҚ МОДЕЛЬ

Таңбалық –арнайы таңбалармен кезкелген жасанды тіл құралдарымен көрсетілген ақпараттық модель

Вербалдық ойша немесе әңгіме түрінде жасалған ақпараттық модель

Компьютерлік программалық орта арқылы іске асатын

Компьютерлік емес

Геометриялық-графиктік пішіндер мен көлемді конструкциялар

Ауызша-иллюстрацияны пайдаланып ауызша немесе жазбаша сипаттау

Математикалық –математикалық формулалар



Құрылымдық –схема, графиктер, кестелер т.б

Логикалық –ой қорытындысы, шарттарды талдау

Арнайы –ноталар, химиялық



# Бекіту сұрақтары:





1. Ақпараттық модель дегеніміз не?
2. Ақпараттық моделге мысал келтіру
3. Объектінің қасиеттерін сипаттау нені қолдануға болады?

